АТЫРАУ ОБЛЫСЫ ИНДЕР АУДАНЫ ЕЛТАЙ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ ӘКІМІ		АКИМ ЕЛТАЙСКОГО СЕЛЬСКОГО ОКРУГА ИНДЕРСКОГО РАЙОНА АТЫРАУСКОЙ ОБЛАСТИ
ӨКІМ		**РАСПОРЯЖЕНИЕ**

2022 ж. «30» қараша **№98 – Ө** **«__»_____ 2022 г**
Елтай ауылы **село Елтай**

«Мемлекеттік сатып алуды бір көзден алу тәсілімен тікелей шарт жасасу арқылы жүзеге асыру туралы»

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы № 434 «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 41 – бабының 4 – тармағына сәйкес және Мемлекеттік сатып алу саласындағы уәкілетті орган-Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің 2022 жылғы 31 мамырдағы № ЗТ-2022-01693824 түсіндірме-хаты негізінде:

1. «2022 жылғы өзгерістерді ескере отырып, Мемлекеттік сатып алу: өзгерістер мен толықтыруларға толық шолу. Сатып алуды жоспарлау және ұйымдастыру» тақырыбында семинар/форум/конференцияға қатысу үшін ақы төлеу бойынша Мемлекеттік сатып алуды, тапсырыс берушінің жұмыс істеуін қамтамасыз ету, сондай-ақ мемлекеттік функцияларды не жарғылық қызметін орындау мақсатында, олардың рәсімдерінің ұзақтығына, сондай-ақ іс-шараға кідіріссіз қатысу қажеттілігіне байланысты бәсекелес тәсілмен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру мүмкін болмауына байланысты ҚҚС-сыз, жалпы сомасы 60 000-00 (алпыс мың) теңге 00 тиын көлеміндегі қаражатқа тікелей шарт жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен Заңның 39 – бабы 3-тармағының 45-тармақшасын негізге ала отырып жүзеге асыру.
2. Сатып алуды ұйымдастырушы мемлекеттік сатып алу веб-порталында шарт жасасу бойынша барлық қажетті іс-қимылдарды орындасын.
3. Шарттың орындалуын қамтамасыз ету талап етілмейді.
4. Осы өкімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.
5. Осы өкім қол қойылған күннен бастап күшіне енеді.

Округ әкімі **О.Хасанов**

000098